

Ж. Аупбаев

Жанарымда- туған жер



**Алматы
«Қайнар»
1984**

20 .1

А 91

Аупбаев Жанболат

А 91 **Жанарымда — туған жер.— Алматы: Қайнар, 1984.—97 бет.**



Бұл кітап — республика табиғатын қорғау ісіне жан-тәнімен берілген адамдар, қоршаған ортамыздың әсемдігі, жан-жануарлар мен өсімдік әлемі туралы. Автор — Қазақстанның көпшілік жерлерінде болған журналист, ол сонымен бірге адам мен оны қоршаған ортаның бір-біріне әсерінен туатын бірқатар экологиялық және танымдық проблемалар көтереді.

Кітап көпшілік оқырмандарға арналған.

А $\frac{1603000000-102}{403(05)-84}$ 106—84

20 .1

Рецензенті *М. Асылғазин*



«ҚАЙНАР» БАСПАСЫ, 1984 ж.

Аязда өскен жидек

— Шаршадың ба, Тоқа?

Малақайы милығына түскен балақан өзінің есімін үлкен адамдарға қолданылатын сыпайылық санатындағы сөзбен қатар қойып айтқаным таңданған кейіп танытты да қызарып кетті. Сонымен бірге осы сәтте оның жүзінен жаңағы жылы лебізді құрметке уақытша болса да лайық болуға тырысқан аңқау балалықтың елігушілік сезімін анық аңғаруға болатын еді. Оны бойындағы лып ете түскен ширақ қимылы мен омбы қардағы тыпың-тыпың жүрісін енді менің ізіммен қатар алып жүруге тырысқан адымы айтпай танытып тұрды.

— Жоқ, шаршағаным жоқ, аға,— деді кішкентай жолбасшым менің сұрағым мұрнын бір тартып қойып жауап қата.— Енді аз жүрсек Ақтүбекке ілігеміз. Сондағы мүйісті айналып өтсек болды, іздеген тоғайымыздың тура үстінен түсеміз.

...Осы сапарға ертіп алып келе жатқан қарақат көз балақанмен кеше танысқан едік. Мезгіл — қаңтардағы қамшының сабындай қыстың қысқа күнінің екіндіге қарай еңкейіп бара жатқан кезі болатын. Өзен жағасындағы мұз ойығында шаналарын қаз-қатар тізіп қойған үш бала кезекпе-кезек су алып жатты. Шүңкілдесе сөйлескен сөздеріне қарағанда бір-нәрсеге келісе алмай жатқан сияқты.

— Өтірік айтасың, Тоқтар,— деді біз жақындай бергенде есегін шу-шулей қамшылаған шымшық сары.

— Сол үңгір бар-ақ болсын... Ол сонда қай жерде?— дейді қолау болған тайының терін үгіп тұрған екінші бір қалқанкұлак.

Ақыры олар пәтуаласа алмай тарқасты. «Үңгір» деген сөзге елең ете түскен біз болашақ танысымызға қарай бұрылдықта, жаңағы таластың жай-жапсарын сұрадық.

-- Алыс емес, ағай. Жүріңіз, барып көресіз бе өзіңіз? — деді сол сәтте жанарынан қуаныш оты жылт ете түскен ол.

Тоқтар айтқан үңгірдің бары рас екен. Бірақ бұл біз ойлағандай соншалықты табиғат құпиясына толы жер болып шықпады. Алдымен байқағанымыз — кәдімгі жақпар тасты шатқал болды. Оның етегіндегі ағынды тау өзенінің дауысы бұл жерге қысты күнгі қызыл су басқан мұздан құмығып әзер естіліп тұр. Осыларға ой тоқтата қарап болып, қарсы беттегі секітастарға көз салсаңыз, аузы үңірейген қуыс бірден көзге түседі. Қары жоқ күңгеймен қиялап келіп әлгі діттеген жерімізге бас сұққанымызда үңгір көлемінің оншалықты үлкен емес екенін байқадық. Ұзындығы төрт-бес метрден аспайтын оны біз іздеп жүрген табиғат құпияларының қатарына қосуға мүлде болмайтын еді. Сондықтан мұнда көп аялдамай-ақ енді кері қайту керек шығар деп тұрғанымызда, қаракөлеңке бұрыштағы ақ сөңке боп қатқан құс саңғырықтары мен қауырсындарын көріп кідіріп қалдық. Сөйтсек мұнда үкінің ұясы бар екен, осы бір ел аяғынан алыстау жерді жаратылыстың сирек кездесетін қорғаншақ перзенті үкі мекендейтін болып шықты.

Тас қуысындағы түлеген үлпек қанаттарды жинап алып, ауылға қарай аяңдағанымызда күн ұясына батып бара жатты. Мен бір жағы жолды қыскартпак, бір жағы жаңа танысымның көңілін ауламақ болып одан осы өңірде өзі білетін тағы қандай қызық құбылыстардың бар екенін сұрай бастадым. Тоқтар оған бар ынтасымен жауап беріп, өткен жазда анау бір таудың ар жағынан тас мүсін — балбалды кездестіргенін, одан кейін мына бір беткейдегі қойтастарға адамдар мен аңдардың сұлбасы бедерленіп, оның астына түсініксіз жазу таңбаларының кашалғанын айтты. Маңайдағы табиғат көріністеріне зеректікпен қарап жүретін құйтақандай баланың сөзін тыңдап

келе жатқан маған мұның бәрі де қызық еді. Бір уақытта ол Ақтүбек деген мүйістің ар жағында жемісі қысты күні пісетін жидек ағашының бар екенін, ауыл адамдарының оны шәңкіш деп атайтынын, өздерінің осы ноябрь айында сол жерден барып әлгі жемісті теріп өкелгенін айтты.

— Сендер мүмкін үсіп кеткен немесе шырыны ағып, қақ болып қалған мойылдың қалдығын теріп жүрген шығарсыңдар. Қыс ішіндегі қайдағы жеміс? — дедім мен оған сенбей.

— Жоқ, аға... рас. Ол өзі сондай ағаш. Жидегі жаз бойы удай ащы боп, шіп-шикі тұрады да, қар жауған соң қызарып піседі. Сенбесеңіз ауыл адамдарынан сұраңыз, — деді көзі танадай боп жарқыраған Тоқтар. Жүзінде: «Мен оны қалайша білмеймін? Білемін, тіптен жақсы білемін», — деген сенім бар. Ақыры біз онымен бірге ертең тағы да жолға шықпақшы болдық. Балақан бұған қуана келісті де томпаң қағып үйіне жөнеп берді.

Біз бүгін міне, енді сол жерге келе жатырмыз. Ұзын-ырғасы үш шақырымдай жол жүрген соң, бозқарағанды түбекті кесіп өтіп, сай табанына құлдилағанымызда өзгеше бір әлемнің есігі айқара ашылғандай болып көрінді. Айнадай жарқыраған шыңылтыр көк мұз... Ақша қарлы алқап... Оған сынып түскен қысқы күн сәулесі қандай әдемі еді! Жанарыңды суырып әкетердей осы сұлулыққа қан қызыл жемісін көтере алмаған бәкене бұталар одан сайын әр бере түскендей. Ғажап! Бұл бұрын тіпті көзге шалынбаған ағаш қой. Ал, оның ар жағындағы ойпатта тентек жел екпінімен етпеттей жығылған сәмбі талдар мүлгиді. Кенет... арда табиғаттың шырышы бұзылмаған осы бір тыныштығын сауысқанның мазасыздана шықылықтаған үні бұзды да, оған дүр етіп ұшқан суық торғайлар қанатының сусылы қосылды. Ши түбіндегі қарды бұрқ еткізіп қоян қашты. Не керек, адам ая-

ғының сықыры естілуімен бірге маужырап тұрған мынау тоғайда мазасыз тіршілік басталды.

— Менің сізге көрсетпек болған шәңкіш ағашымынау,— деді қасат қарды омбылай кешкен Тоқтар ұшқат тұқымдас бұтаға жете беріп.— Білесіз бе, жаңағы құстар бұл жерде бекер жүрген жоқ. Олар қыс бойы осы жидекті шоқып шығады. Шәңкішті торғайлар да жейді, біз де жейміз.

Сөйтті де ол суықтан торсиып тұрған қан қызыл түйіршектің бірін аузына ұрып жіберіп «во» дегендей бармағын шошайтты.

Жемістің бірін мен де ауызға салдым. Таусап жұтқанда байқадым, көлемі маржандай ғана түйнектің шырыны тіптен мол екен, таңдайымда онша өткір емес қышқыл дәм қалып қойды. Екінші біреуін үзіп ала бергенімде шыңылтыр аязға шытынай домбығып тұрған ол тырс етіп жарылып кетті де, манайдағы ауаны әлде бір өсімдікке тән әлсіз леп жайлады. Одан кез-келген аптекаларда кездесетін валериана мен эфир майының иісін анық аңғаруға болар еді. «Мұның суыққа төзімділігінің бір сыры осында шығар мүмкін»,— деген ой сап ете түсті сол сәтте маған. Өйткені құрамында каротин, пактин сияқты инверттік заттары мен қышқылдылығы, майлылығы мол өсімдіктердің өз клеткаларынан жылу бөліп шығаратындығы, ондай жемістердің басқаларға қарағанда суыққа төзімді келетіндігі, жылы ортада сақталса тез қызып кететіндігі фармакологиядан хабары бар адамға жақсы таныс болса керек. Бірақ бұл әзірше тек болжам ғана. Мұндай пікірге мамандар басқа қырынан келер мүмкін... Біздікі тек көз алдымызда тұрған құпияға орай ойтүю, барлау жасау.

Бұдан кейін шәңкіш ағашының бітім-болмысына мықтап назар аударуды жөн көрдік. Барлай келе байқағанымыз, оның бойы онша биік емес, ұшқат сияқты бәкене болып өседі екен. Бұтақтары танадай

болып тізілген алқызыл жемістерін әрең көтеріп тұр. Ағаш қабығының қалың екендігі діңінің шыт-шыт болып жарылған сызаттарынан анық байқалады. Біздің көзіміз шалған бір ерекшелік — бұта тектес осы өсімдік жапырақтары формасының өзгешелігі еді. Бір түптегі жапырақтар көлемі жұмыртқа пішіндес те, екіншісінде ол үп-үшкір сынаға ұқсайды. «Бұл өзі осы ағаштың туа біткендегі негізгі қасиеті ме, жоқ әлде олардың бір-бірінің жас шамасын айыратын белгісі ме?» — дейсің іштей. Шәңкіш жапырақтарының беті мап-майда түктен көрінбейді. Сондықтан оның түсінің не жасыл, не сұр екенін тіптен ажырата алмайсың.

Алқызыл жидек тоғайын аралап болған соң күнгедейдегі тепсеңге көтерілдім де, қонышыма құйылған қарды қаға отырып, төменге көз салдым. Айнала жым-жырт. Екіндіге қарай еңкейген қысқы күн сай табанына қиялай түсіп тұр. Алыстан қылт-қылт еткен Тоқтардың басы көрінеді. Жидек теруден жалыққан ол енді сырғанақ тебуге кірісіпті. Ал, менің ойымда бір сауал: «Жемісі аязда піскен бұл қандай ағаш?» — деймін іштей. Іле көңіл дүрбісімен күні кешеге дейін өзім көріп, біліп келген көріністерді шоламын. Бірақ ол жерлердің ешқайсысында да мұндай құбылыс кездеспеген сияқты. Ойымды сауысқанның шықылықтаған үні бұзды. «Адам көрсе болды қояншығы ұстайтыны несі екен мұның» — дедім әлгіге іштей жыным келген мен. Деуін десем де тілімді тістей қойдым. Өйткені сәмбі талда теңселе қонақтап отырған осы бір алакүлік мінезді құс есіме әлдебір жайларды түсіргендей ме, қалай? Ұйқыдан оянып кеткендей болған мен сол сәтте бірде алыстап, бірде жақындап тұрған еміс-еміс елестен айырылып қалмауға тырыстым. Ақырынақ осы жерде тұман арасындағы бозамық сәуледен жол тапқандай болып, туған жерім Тянь-Шань тауы сұлбаланды. Содан кейін оның етегіндегі шырышы

бұзылмаған Нарынқол орман-тоғайлары елес беріп санамда ондағы өзіме бала кезден таныс өмір суреттері жаңғырықты.

Иә, енді есіме түсті. Болмыс-бітімі шәңкішке ұқсас маса да жемісі қысты күні солмайтын дәл осындай ағаш ол жерде де бар еді. Жергілікті тұрғындар бұл бұтаны шырғанақ деп атап, ондағы өскен жидек дәмінің қышқылдығынан және тікен арасындағы шырын түйнектерін теріп алудың қиындығынан қажеттеріне онша көп жарата бермейтін. Оның барлық қызық-шығынын тек сол өңірде қыстап қалатын құстардың көретіні әлі күнге дейін көз алдымда. Неге десеңіз орман-тоғайдағы тіршілік иелерінің қорегі қалың қар астында қалып қоятындықтан олар енді шырғанақ басындағы ұйқыдай боп шығып тұратын сап-сары түйнекке үймелейтін. Соның бірі — сауысқан еді. Қызғаншақ мінезді осы құстың әлгіндей жерді көрсетсе болды басқа туыстарын жолатпай, оларды ту-талақай етіп үркітіп жүргенін талай көргеніміз бар. Сондықтан да бұл жеміс көбіне-көп соның атына, соның жейтін асына телінетін.

Осы орайда «сауысқанның тамағы» — шырғанақ құнының жетпісінші жылдардың бас кезінде ерекше дәуірлегенін айта кетпеске болмайды. Ол — жергілікті тұрғындар бұрын менсінбей келген аталмыш ағаш жемісінен медицина үшін дәрілік қасиеті бар заттың табылуы еді. Сол сол-ақ екен мектеп оқушыларының сабақтан бос кездерінде шырғанақ жинау, оны аудандық аптекаға тапсыру жөніндегі жорығы басталды дейсіз. Жұмысымыз алғашында өнбеді. Оған себеп тікенді бұтақтардан шырын түйнектерін терудің қиындығы еді. Жеміске әрең дегенде қол жеткізіп үзіп алайын десең, ол мыжылып, қабығы сыдырылып босқа рәсуа болатын. Көп кешікпей бұл қиындықтан құтылудың жолы табылды да. Оны үйреткен — сол шырғанақтың төнірегінен қыс бойы айналсоқтап

шықпайтын құстардың өзі еді. Қалай дейсіз ғой? Нарынқол еңіріне белгілі аңшы Жанұзақ қарт Байынқол өзенінің бойындағы қалың шырыш, ну тоғаймен келе жатса, ағаш бұтағын теңселте қонақтал отырған қырғауылдың қызылтөс қоразын көреді. Өз өмірінде бұғынын қалай мүйіз алмастыратындығы, аяқтың қыс ішіндегі ұзақ ұйқыға не себепті нәр татпай шыдайтындығы сияқты талай ғажайыптарды көрген жан қарсы алдындағы құстың мына отырысын, оның шырғанақ бұтағын теңселткен сайын адамдардың тікен арасынан алуға қиын деп жүрген жемістерінің еш қиындықсыз сауылдай төгілгенін, жерге түскен түйнектерді қырғауыл мекиендерінің шоқып жеп жатқанын көріп: «Құс екеш құстан да құлық артылмайды екен-ау» — деп жағасын ұстайды. Содан бастап біз де осы әдіске көштік. Жидекті термес бұрын бұта астына өзіміздің киіп келген күпәйкелерімізді жаятынбыз да, ағаш діңін оған байланған шыжым жіптер арқылы арлы-берлі тартып сілкілейтінбіз. Шырғанактың торсып тұрған сап-сары түйнектері жерге аязды күндері қатты төгілуші еді.

Иә, ол кездері біз қыс ішінде жеміс беретін бұл ағашқа онша мән беріп, назар аудармадық. Оған тек «сауысқанның тамағы» деп ат қойып, болмыс-бітімі мен ерекшелігіне осылай шығар, осылай болуға тиіс деген балалық ұғыммен қарағанымыз анық. Сондықтан да ара-тұра ойға келіп қалатын: «Қарақат пен таңқурайдікі неге олай емес, шырғанактікі неге бұлай?» — деген сұраққа оншалықты бас ауырта жауап іздемейтінбіз. Енді міне, арада көп жылдар өткен соң, республикамыздың бір түкпіріндегі Семей облысының Аякөз ауданындағы Тарбағатай тауының аңғарында отырып, суыққа төзімділігі Тянь-Шаньдағы шырғанакқа ұқсас шәнкішті көргенде ойлануға тура келді.

Бұл сонда қалай? Осы бір сұрақ алқызыл жидекті тоғайды артқа тастап совхоз орталығына қайтып ке-

ле жатқанда да, жүрісі ішегінді үзер тоқал тұмсын автобуспен тоңқ-тоңқ желе ырғатылған Аякөзге дейінгі аралықтағы ұзақ жолда да маза бермей-ақ қойды.

Алматыға келген соң Қазақ ССР Ғылым академиясының жанындағы Ботаника институтына телефон соқтық. Сөз сірәғасында осылай да осылай деп бір жерден жемісі қыс ішінде де солмаған ағашты көргенімізді мүмкін болса онымен шұғылданып жүрген ғалымдардың бізге түсініктеме беруін сұрадық. Ғылыми-зерттеу институтының мамандары мұндай мәселені биология ғылымдарының кандидаты, доцент Қуанышбек Сыбанбековтың жақсы білетінін, оның соңғы жылдары Шығыс Қазақстан орман-тоғайларындағы осы тектес табиғат байлықтары жайында қызықты деректер жинап жүргенін айтты. Арада біраз күн өткен соң ол адаммен де тілдесіп, пікір алысудың сәті түсті.

— Ұшқаттар тұқымына жататын шәңкіш бұтасының тіршілігі қызық, — деді ғалым; — Ол өзі көктем жаз айларында көзге көп байқалмайды. Оның себебі аталмыш ағаштың долана, мойыл, қарақат тәрізді туыстарына қарағанда кеш гүлдеп, кеш пісетіндігі. Ал шәңкіштің нағыз кемеліне келетін кезі күз бен қыс. Октябрь, ноябрь және декабрь айларындағы суықта өзге өсімдіктер солып, жидек пен жапырақтарынан жұрдай боп айырылған сәтте ол өз бойына бар сұлулықты жинап алады да қанқызыл жемісімен алаулап алыстан айқын көрінеді.

Көне заманнан бері көп халық шәңкішті қыз сұлулығының символы ретінде дәріптеп келеді. Оған кезінде украин халқының ұлы ақыны Т. Г. Шевченко өлеңде арнаған. Осы тектес ағаш әлемнің көптеген жерлерінде бар. Оның бір түрі Жапония мен Филиппинде екінші бір түрі Оңтүстік Америкада, ал үшіншісін Канар аралдарында тараған. Совет Одағының ормандарында шәңкіштің жеті түрі өседі. Олар негізінен СССР-дің Сібірдегі бөлігін қамтыса, Қазақстандағы

шәңкіш бұталары шығыстағы Алтай тауларынан Жоңғар Алатауына дейінгі аралықты алып жатыр.

— Ал енді оның биологиялық, химиялық құрамы қандай? Шипалық мәні, фармакология үшін қажеттігі бар ма?

— Еліміз ғалымдарының зерттеуіне қарағанда, — дейді бұл сұраққа Қуанышбек, — біздің республикамызда өсетін шәңкіштің мәні ерекше болып отыр. Өйткені өзіміз сөз етіп отырған жемістің құрамында инверттік қант, С витамині, цинк, пактин заттары, каротин, Р витамині бар. Сонымен қатар шәңкіш қабығындағы вибурнин глюкозиді туралы да айта кеткен жөн. Ол адам организміндегі қан тамырларын тарылтып, осы арқылы қан көп кеткен жағдайда оның тез тоқтауын қамтамасыз етеді. Қабық қайнатпасынан алған шырын қазір көбінесе акушерлік тәжірибеде қолданылады. Ал жеміс тұнбасы болса жүректің жұмысын жақсартады әрі жөтелге, баспаға шалдыққан адамның тамағының ашылуына көмектеседі.

Бұдан кейінгі әңгімеміз шырғанақ ағашына ойысты. Биолог, ғалымның сөзіне қарағанда жемісі ноябрь, декабрь айларында жиналатын ол республикамыздың Алматы, Семей, Шығыс Қазақстан облыстарындағы өзен жағаларында, тау жылғаларының бойларында өседі екен. Ғылыми еңбектерде оның өнімінің 7,8 проценті май болатындығы, бір тонна жидегінен 40 килограмдай май алынатындығы толық дәлелденген. Химиялық құрамын сөз еткенде шырғанақта қазіргі белгілі деген витаминдердің барлығы дерлік кездесетіндігін айтқан жөн. Мәселен С витаминін алып көрелік; жұртқа ертеден бері осы витаминмен аты шыққан қарақатта ол 300 миллиграмм процент мөлшерінде болса, шырғанақта 450 миллиграмм процент кездесетін болып шықты. Қазіргі таңда өз бойында 15 түрлі микроэлемент бар шырғанақ жемісі жүрек, қан тамырлары мен бүйрегі ауыратын адамдарға өте пайдалы

болып отыр. Сондықтан да СССР Денсаулық сақтау министрлігінің фармакология жөніндегі комитеті оның шырынын іштегі жараларға, күйікке дәрі ретінде қолдануға шешім қабылдаған. Өкінішке орай осы уақытқа дейін ондай дәріні аптекалардан сирек көріп жүрміз. Мұның себебі шырғанақ жемісін жинауды қиынсынатындығымызда, бұл бағыттағы дәрілік шикізаттарды дайындау жұмыстарына енжар қарайтындығымызда. Оған дәлел, 1981 жылы еліміз бойынша небары 800 тонна ғана осындай жеміс теріліп жиналған. СССР Денсаулық сақтау министрлігіне қарасты Бас аптека басқармасының деректеріне қарағанда сол шикізат бар болғаны жүз грамдық 200 мың құтты шырын шығаруға ғана жеткен. Бұл цифрдың еліміздегі барлық емдеу орындарын, ондағы сұранысты мүлдем қамтамасыз ете алмасы өз-өзінен белгілі жай.

— Ал енді осы ағаштардағы жидектердің суыққа төзімділігінің сыры неде деп ойлайсыз?

— Бұл өзі қызық құбылыс. Біз оны зерттеу үстіндеміз. Құпия толық шешімін таппайынша оның себебі мынада деп ашып айту әлі ерте. Тәжірибе барысындағы қазіргі жинақталған деректерге қарағанда, аталмыш сұраққа түбінде жауап табылары анық. Не де болса ең соңғы нәтижесін күткен жөн шығар сірә.

... Осы мақала жазылып болып қалған жаңа жылы мейрамы күндерінің қарсаңында алыстағы Аякө ауданының «Тарбағатай» совхозындағы қалқанқұлақ кара бала Тоқтардан хат алдым. Есеп дәптердің торкөпарағын сықай толтырған айбақ-сайбақ сөйлемдерді оқығанда оған сол ауылдан аттанатын күні берген тапсырмам есіме түсті.

«Ағай,— деп басталыпты хат: — Ауыл адамдарының, оның ішінде осы жерде көптен бері тұратын көне көз қарттардың шәңкіш жайында не білетінін сұраптырып хабарла деп едіңіз ғой маған. Сіздің сол айтқаныңызды анықтап болғаннан кейін енді өзіңізге ха

жазып отырмын. Біздің көршіміз Серікбай ата бұл жөнінде өте көп біледі екен. Ол кісінің айтуынша шәңкіш «Тарбағатай» совхозының Шәкірті өзені бойында, Ақшоқы фермасының маңында және Өкпеті жайлауында өсетін болып шықты. Атайдың бұдан кейінгі сөзінен ұққаным, сіз екеуміз көрген әлгі жидекті әжелеріміз ертеректе нанға ашытқы ретінде қолданыпты. Мысалы аяз жүре бастаған қыстың алғашқы күндерінде олар шәңкішті теріп алады екен де жіпке тізіп кептіріп, сонан кейін кішіміш сияқты өз сөлімен өзі семген оны иленген ұнға қосатын болған. Сонда қандай да бір иі қанбай жатқан қамырдың өзі тез ашып, осы жидек қосылған нан көмбеқазанға жабыспай, көкаязданбай, қайта гөтеріліп піседі екен.

Серікбай ата осылай десе, ауылдағы екінші бір әңгімелескен адамым — Шәкір аға шәңкіштен кәдімгі қарақат жемісінен бірде кем емес тосап (варенье) жасауға болатынын, оның суық тиген жағдайда денені бусандырып, тез тер шығаратынын айтты. Бұл кісі сөз арасында өзінің жылқышылар қосындағы бір оқиғасын есіне алды. Бала кезінде ол кепкен шәңкіш қағын шай орнына пайдаланған жылқышылардың түнгі күзетте сергек жүріп, суыққа берілмейтінін талай көрген екен. Аязда өскен жидек жайында сұрастырып білгенім осы аға. Біздің жаққа тағы да келесіз бе? Келсеңіз мен сізге үстіне шығып секіргенде табаныңыздың асты дүңгірлейтін төбені көрсетер едім. Хат жазушы: сегізінші «в» класс оқушысы Тоқтар Жақыпов».

...Хатты оқып болған соң терезеден көрінген Алматының бозғылт тұман түніне қарап көп отырдым. Көз алдыма алыстағы ауыл, ауыл сыртындағы марғау тіршілікке бөгіп тұрған құбажон бел елестеді. Айнала аппақ әлем. Шырышы бұзылмаған сол әлемде екі із сайрап жатыр. Оның бірі — альпинист досымнан аттай қалап алған трактор табан бәтеңкеден түскен менің ізім де, екіншісі — тай тұяғындай топ-топ еткен Тоқ-

тардың ізі. Осы көріністер, көз алдыма келуі мұң екен, кеудемді әлсіз мұң жайлады. Ішімнен өзімнің осыдан он-он бес жыл бұрынғы бейкүнә балалығыма ұқсастығы бар қалқанқұлақ кішкентай досымды сағынып отырғанымды сездім. Санамда: табиғат құпияларына таңдана қарайтын осындай балақандар тіптен көп болса ғой, өздерін қызықтырған нәрселерді бізге хабарлап айтса ғой шіркін деген ой да жоқ емес.

1983 жыл.

«Ләйлек келеді... Ләйлек!»

Бұл оқиға өткен жылы болған еді.

Біз облыс орталығы Шымкенттен Келес ауданына қарай келе жаттық. Айнала тып-тымдық. Машина дөңгелегінен көтерілген қою шаң жол үстінде қорғасындай ұйыйды. Мезгіл жаздың күзге ұласар күндерінің бірі болғанымен мұнда шілде айы енді ғана туып келе жатқандай. Шөп басын қимылдатар жел жоқ, төңіректі қапырық ауа буып тұр.

Аудан орталығына жақындай бергенде көзімізге ең алдымен шалынғаны, мақталық алқаптың жиегінде жүрген әлдебір құс болды. Ол өзі тіптен бейқам. Тырнаға лайық сирақтарын кере тастап, маңғаз адымдайды. Оңтүстік өлкесінің төбеден шыжғырған күні мен тастақты жерден кері тепкен аптабы оған тіптен әсер етпейтіндей. Қимылы шүйгін қуалап жүре оттаған жылқыларға ұқсас. Қазіргі бетінде ол ұзын мойнын әр жерге бір салып, қайқандай тартып барады, қайда барарын бір өзі біледі.

— Мынау қандай құс?

Сағым ойнаған көк мұнар алқапқа бұлдырап сіңіп бара жатқан жаңағы ноқаттан көзімді айырмаған мені жанымдағы жігіттерге нақ осылай деп сұрақ қойдым.

— Аққұтан,— деді біреуі.

— Жо-жоқ, көкқұтан...

— Дегелек!

— Біздің Украинада мұны аист дейді. Ал, енді қайтесіңдер, түге?

Аяқ астынан туған дауға бір бүйірден қосылған шофер Димка осы сөзді айтты да кабина жиегіне қыстырып қойған «Примаға» қол созды.

— Ләйлек!

Дерімді десем де қатты қысылып қалдым. Өйткені, басында білмей сұраған өзім едім. Ендеше бұл сөз аузыма қайдан түсті? Ойлаймын, жаңағы атау бала-

лық шақтағы дәл осыған ұқсас бір көріністің санаға сап ете түскен қас-қағым сәттік елесі сияқты.

— Иә, бұл ләйлек, — деді маналы бері үнсіз отырған жолбасшымыз, аудандық газет қызметкері Кеңесбай Әбдірахманов: — Бұрын жоқ еді, соңғы кездері ғана пайда болды. Мына «Бірлік» селосында олардың телеграф бағанасына салған ұялары да бар. Жол үсті ғой, көрем десеңіздер ол әне, анау жерде тұр. Бұл құсты дегелек деп те атайды.

...Ой шіркін алдамаған екен. Оған жоғарыда Кеңесбай айтқан елді мекендегі қарт пенсионер Әлікен Талқанбаевтың ауласына орналасқан ләйлектің ұясын көргенде барып анық көз жеткіздім. Неге дейсіз ғой?

Айқастыра қаланған құраған бұтақтар. Оның арасындағы саңылауларға құрайлы сояу шөптер мен сабан қалдықтары нығыздала тығындалыпты. Телеграф бағанасының ұшар басындағы бұл ұя кездейсоқ соққан желден ұшып келіп, ток сымдарына ілініп қалған шөмеле шөпті көз алдыға елестеткендей. Оның үстінде екі аяғына кезек-кезек салмақ салған қызыл тұмсықты ақ төс ләйлек қалғып отыр.

Бұл маған қазір ұмытылған, бірақ бала кезде бірді-екілі рет көрген таныс көрініс еді. Өйткені осыдан он бес-жиырма жыл бұрын ләйлек біздің ауылда да бар болатын. Олар құладүздегі бұзылған там, ескі диірмен, мазарлардың ұшар басында ұя салып жүрер еді. Арлы-берлі өткен салт атты жүргіншілерді көзімен ұзатып салып, селт етпей отыра беретін осы тіршілік иелерін көргенде қарттар ләйлектің адамға үйірсек құс екенін, зияны жоқтығын, ертеректе олардың тіпті киіз үй шаңырағына да ұя салғанын әңгімелейтін. Әңгіме соңы бірде мынадай мысалға келіп тірелгені де есімде.

Отызыншы жылдардың бас кезіндегі бір көктемде Шарын өзенінің бойындағы ел Қарқара жайлауына шықпақ болады. Көш шығысқа енді бет түзей бергенде ауыл адамдары жұртта бір киіз үйдің жығылмай тұр-

ғандығын көріп іркіледі. Сөйтсе, Жанұзақ деген малшының шаңырағына сол көктемде ләйлек ұя салған екен. Үй иесі оны әу баста қызық көрсе де, көші-қон таянғанда не істерін білмей қатты сасады. Ақыры құс ұясын бұзуға дәті бармаған ол киіз үйдің сүйегін сол бойы тұтас қалдырып, ондағы туырлық, желбауды ғана жинап алады да жайлауға итарқа жаппамен шығады.

Қарттар айтқан әңгімелердің негізі кезінде сол өңірде ләйлектің көп болғандығына келіп саятын. Алпысыншы жылдары өзіміздің ауылдан біз олардың екі-үш жұбын ғана көріп жүрдік. Кейін бұл құс мүлдем жоқ болып кетті. Неге? Оны ешкім білмейді және білгісі келген де емес.

Арада жылдар өтті. Біздің республикамыздағы аталмыш құстың мекендейтін жерін 1975 жылы Жамбыл облысының Талас ауданындағы «Ойық», «Үшарал» селоларынан көріп қалғандай болдық. Онда да оның өзін емес, ұясын. Енді міне, ләйлек Келесте бар болып шықты.

...Машинадан сау етіп түсе қалған төрт-бес жігітке үй іргесіндегі көлеңкеде отырған көше тұрғындары әу баста таңырқай қарады да, содан соң өз жұмыстарымен бола берді. Біз ләйлек ұя салған ауладағы үйдің иесі Әлікен ақсақалды іздедік. Сөйтсек ол кісі таңертенгілікте бір жаққа аттанып кеткен екен, содан әлі оралмапты.

— Әлекеңмен осыдан екі жыл бұрын мен әңгімелескенмін, — деді Кеңесбай. — Үй иесінің айтуына қарағанда, бұл құстың мұнда ұя салғанына он жылдай уақыт болып қалыпты. О баста олар жалғыз жұп екен. Жыл сайын төрттен балапан шығарып отырған. Кейін алғашқы ұяға село шетінен тағы біреу, одан кейін екеу қосылыпты. Сонымен бұл күнде Келес ауданының «Бірлік» совхозындағы ләйлек ұяларының саны төртке жеткен.

Кеңесбайдың бұдан кейінгі сөздерінен аңғарғанымыз — ләйлектің де өзге құстар сияқты мінез таныта тындығы. Олар мұнда жыл құстары қараторғайлармен бірге наурыздың 1-інен 5-іне дейінгі аралығында ұшып келіп, өткен күз бен қыстағы жел, қар суынан жұлмаланып бұзылған, тозған ұяларын жөндейтін болып шықты. Содан соң ұя басады. Бұл жұмысты екі ләйлек кезек-кезек атқарады екен.

— Мына тұрысында, — дейді Кеңесбай жоғарыдағы ұябасар ләйлекті нұсқап. — Ол ұядағы балапандарына көлеңке жасап тұр. Жаздың ыстық күндерінде бұл құстар күннің шығу, бату қозғалысымен бірге жылжитын күнбағыс өсімдігі сияқты сағат тілінің бағытымен баяу айналады да тұрады.

Шынында да бұл ғажап көрініс еді. Былай қарағанда оны ешкім байқамайтын сияқты. Ал, зер салып қарасаң кеңістіктегі шөмеледе екі аяғына кезек-кезек салмақ салған ұя басар ләйлек күн жаққа арқасын беріп мүлгіп тұр. Оның ұя шетіне түскен көлеңкесінің астында балапандарының басы қылтылдайды.

Телеграф бағанасының басындағы аталмыш құл мекенінен мен тағы бір қызық көріністі байқап қалдым. Ондағы салбырап тұрған шөп пен сабан арасындағы шұрық тесік шұңқырларды жел үңгіген қуыстар шығар деп ойлағанмын. Сөйтсем, ол торғайлардың ұясы болып шықты. Адам аяғы жетпес зәулім кеңістіктегі ләйлек мекенінің өз балапандарына қауіпсіз болатынын торғайлар қайдан білді екен десейші? Құстар достығы жарасқан осы бір көрініске қарап тұрсаң қызық тіптен.

Пенсионер қарт Әлікен Талқанбаевтың ауласындағы ләйлек қимылын тамашалап болған соң біз селоның екінші бір шетіндегі ұяны көруге беттедік. Ол да осы өзіміз сөз еткен жоғарыдағы жайға өте ұқсас екен. Бірақ одан ешқандай құсты көре алмадық. Сөйтсек

олар өз балапандарын ұшырып әкеткендеріне он күндей уақыт болған екен.

— Біздің ләйлек мұнда кешке жақын ғана келеді,— дейді алдымызды орағытып жүрген қарасирақтардың ішіндегі жапалақ көзді балақай.— Ымырт үйіріле ұясына келіп түнейді де, ертеңгісін балапандарын алып, өзен жаққа ұшып кетеді.

...Шымкенттен Алматыға қайтып оралған соң Бірлік селосындағы сол бір көрініс көкейімнен көпке дейін кетпей жүрді. Бұл құс біздің республикамыздың оңтүстігіне қайдан келді екен деп те ойлануға тура келді. Осы тақылеттес пікірлермен арнаулы зоолог, ғалымдарға қоңырау шалдық.

— Дегелек, яғни ләйлектің көп кездесетін жері СССР-дің оңтүстік батыс бөлігіндегі Украина, одан соң Қиыр Шығыстағы Приморье, Орта Азия,— деді әңгімеден хабардар болған биология ғылымдарының кандидаты Смағұл Махмұтов.— Орнитологтар бұл құстың кейінгі кездері қай жерлерде болмасын азайып кеткендігін айтып жүр еді, оның Келес ауданына келіп қоныстануы қызық екен...

Бұдан мынадай ой түюге болатын сияқты. Орта Азиядағы біздің республикамызға тиіп тұрған ең ыстық жердің бірі — Өзбекстан. Ләйлек Келеске, міне, сол жерден келіп орын тепкен. Өйткені, оңтүстіктегі бұл ауданның ауа райы, жер жағдайы Өзбек ССР-інің елді мекендеріне өте ұқсас. Тіпті, айырмашылығы жоқ десе де болады.

Біз сөз етіп отырған құс жайында, оның статусы мен миграциясы, тағы басқа ерекшеліктері жөнінде толық мәлімет берген адам — Қазақ ССР Ғылым академиясы жанындағы Зоология ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері, орнитолог Ернар Әуезов болды. Оның бұл тақырыптағы әңгімесінің мазмұны былай...

Табиғаттың осы бір сұлу құсы — ақ дегелек, яғни ләйлектің қорының дүние жүзінде күннен-күнге азайып түсуі кімді болса да қынжылтқандай. Сондықтан да Халықаралық құстар қорғау комитетінің шешімі бойынша осы қанатты құстар өкілінің санын көбейту шараларын белгілеу үшін 1958 жылдың жазында ләйлек тіршілік ететін барлық елдерде санақ жұмысы жүргізілді. Өйткені мамандар арасында ол жер бетіне құрып кетпей ме деген қауіп туған еді. Мұндай есебі оның алдында, 1934 жылы да жүргізілген болатын. Кейінгі санақ нені көрсетті?

Егер Германияда 1934 жылы 18 мың ақ дегелек есепке алынса, ал 1958 жылы одан не бары 9,8 мыңдайы ғана қалған. Дания мен Германияда аталмыш мерзім аралығында оның қоры 80 процентке төмендеп кеткен. Жалпы Орталық Европада ләйлек саны егер есе азайса, Швейцария сияқты елдерде тіпті жойылып кеткен. Азия елдерінде де оның жайы айтарлықтай мәз емес. Мәселен, Жапония аңыз-әңгімелерінде ақ дегелек ұзақ өмір сүрудің символы ретінде суреттеледі. Дегенмен онда да осы құс санының жылдан-жылға төмендеуі табиғат әуесқойларын қобалжытып отыр. Бұл елде бұрын еті үшін көп аулап, құстың қаңқасын сүйегін Қытайға сатып отырған. Ал қытай саудагерлері болса одан тамақ ішкенде шанышқы орнына пайдаланылатын әсем таяқшалар жасаған.

СССР-де ақ дегелек қорғауға алынса да, кейбір республикаларда оның саны әлі өспегені байқалады. Мысалы, 1958 жылы Литвада 8811 ұя және 18858 балапан, Латвияда 4700 ұя, Эстонияда 340 ұя, РСФСР-де 476 ұя және 1775 балапан, Украинада 5475 ұя, Өзбекстанда 558 ұя есепке алынған. Жалпы Совет Одағында бұл құстың қоры 121,5 мыңдай болған. Мұның ішінде Қазақстандағы дегелектердің саны тамшы судай ғана.

Біздің республикамызда бұл құс Сырдария мен Арыс өзендерінің бойындағы Сайрам, Келес, Манкент

те ұялайтын болып шықты. Бірақ саны өте мардымсыз. 1925—1930 жылдары Жетісу өлкесіндегі Талғар мен Іле өзені маңында көп болғаны кейбір зерттеу еңбектерінен мәлім. Бертін келе ол бұл жерлерден де жойылып кетіпті. Өйткені аталмыш құстың негізгі қонысы болып табылатын батпақты жерлерді құрғату оның санын күрт азайтып жіберген. Мәселен Шымкент пен Түркстан қалалары арасындағы бұрын күріш егілетін учаскелерге мақта егу, ақ дегелектердің ол маңнан кетуіне әсер етті. Өйткені бұл қанатты құстар сулы күріш алқабында өскен ағаш басында ұялауды ұнататын еді. Міне, сондықтан да Қазақстанда ақ дегелек — ләйлекті қорғап, көбейту мәселесі қойылып отыр. Ол үшін олардың биологиялық ерекшеліктерін, қандай жерлерде қоныстануын ұнататындығын кімге де болса білген дұрыс.

Сонау көне дәуірден бастап-ақ ләйлектің тіршілігі адаммен, әсіресе, оның салған құрылыс жұмыстарымен де байланысты болған. Өйткені бұл құс қанша сақ болса да адамнан онша қашпайды. Олар өздерінің аумақты, көп жылдық ұяларын үйдің шатырына, диірмен қоймаларына немесе ауыл-село төңірегіндегі үлкен ағаш басына салады. Құс қоныстарында ұясын үй шатырына орналастырғанда, үй иесінің қуанышында шек болмаған. Себебі, халық аңыздарында ақ дегелек «бақыт құсы» есебінде бейнеленеді. Ел оның жатағын бұзуды қылмыс деп санайды. Тіпті Өзбекстанда, сондай-ақ Шымкент облысында үй маңында дегелек ұялаған үй иелері оны үркітуге немесе балапанын алуға ешбір рұхсат етпейді. Бұл тек осы жерлерде ғана емес басқа республикаларда да солай. Мәселен, ақ дегелек — ләйлекті үй маңына үйір ету, қорғау Украина мен Белоруссияда, сол сияқты Батыс Европада бұрыннан келе жатқан әдет екен. Оны аулаға жақындату үшін үй шатырына немесе ағаш басына ескі тырма мен арба дөңгелектерін бекітеді. Табан тірер жер тап-

қан дегелек әлгі жерге ұя салады. Мұны көрген үй иелерінің қуанышында шек болмайды. Өйткені жоғарыда айтқанымыздай, адам баласы бұл құстың ұя салуын бақыт, береке, ынтымақтастықтың символы ретінде қабылдайды.

Ләйлектің мінез-қылығындағы ерекшеліктер мен бір-бірімен қарым-қатынасы адамды қызықтырмай қоймайды. Бір қызығы — бұл құс демалған кезде ағаш басында немесе ұяда болсын бәрібір, жалғыз аяғымен тұрып тынығады. Қонып отырған жерінен ұшып шығуы да шапшаң, жақсы қалықтап, өте биікке шарықтап кетеді. Мұның негізгі қоректері — ұсақ омыртқалы жәндіктер. Олар ұсақ кеміргіштерді де аулайды. Оңтүстік Қазақстанда ол шегірткелерді жейді.

Жемі мол, табиғаты қолайлы Қазақстан территориясында өсіп-жетілген ләйлек октябрь айының басында Африкаға қарай жол шегеді. Содан марттың алғашқы жетісінде өз ұяларына қайтып келіп отырады. Алайда кейбір жылдары олардың бірқатарының Шымкент облысының оңтүстік жағында қыстап қалатыны да байқалған.

...Биылғы қыс республикамыздың көп жерлерінде ала-құла өтті. Оңтүстік өңіріне қар жаумады десе де болғандай. Соның әсерінен мұнда көктем де ерте шықты. Наурыздың алғашқы күндеріндегі Алматы көшелеріне келген қараторғайларды көріп, менің есіміме Келестегі ләйлек құстар түсті. «Олар да келді ме екен? — дедім іштей, — Қыс биыл тым жылы болды ғой. Қыстап қалуы да мүмкін-ау.» Осы ойдың жетегінде келесі күні Келеспен хабарласуға бел байладым.

— Өткен жаздағы ләйлек есінде ме? — дедім мен Кеңесбайға.

— Иә, — деді ол. — Біздің өңірге ләйлек биыл тағы да келді. Көше балалары осы алдыңғы күні ғана «Ләйлек келді, ләйлек!» — деп арлы-берлі шапқылап жүр

ген. Жыл құстарының келгені олар үшін өзінше бір мереке. Айтпақшы, ләйлектің ұясын осы кеше ғана облыстық газеттен келген жігіттер суретке түсіріп кетті. Керек болса жіберейік.

...Содан аз күн өткен соң біздің қолымызға штаттан тыс фототілшіміз Үркімбек Елеубековтың суреті де келіп тиді. Сол баяғы таныс көрініс. Ағаштар әлі көктей қоймапты. Таныс бағана басында ләйлек құстар өз ұясын жөндеп жатыр. Төңіректен ауыл өміріне тән мамыражай тыныштық сезілгендей.

1981 жыл.

«Айболит» атай

— Сен менен: «Хайуанаттармен дос болып, он беске жуық аң мен құсты қолға асырауыңызға не себеп болды?» — деп сұрайсың. Не себеп болушы еді? Мұнда ешқандай да құпия жоқ, шырағым.

— Дегенмен...

— Дегенмен дейсің бе? Мәселен мен алпыс жылдық өмірімнің отыз бес жылын совхоздағы мал дәрігері мамандығына арнадым. Сол уақыттардың ішінде құм суырған құладүз далада көп жүрдік, көп жорықтық. Жорта жүріп табиғат ананың, оның тіршілік иелерінің өзіміз көрмеген, өзіміз білмеген сырларын қанықтық. Ол қызығушылыққа жетеледі. Қызығушылықтың арты, міне, енді кейбір аң-құстармен достасуға, олармен ортақ тіл табысуға алып келген жайы бар.

— Бұл бір деңіз...

— Иә, бір. Екінші айтпағым мынау: өмірде анық көз жеткізген нәрсем — хайуанаттардың адам баласына ешқандай да жамандық жасамайтындығы. Керемет десең, олардың өз басына қиындық туғанда адамды паналайтындығы, адамнан көмек сұрайтындығы. Шынығыңды айтшы, өзіңнің сондай бір оқиғаға кезіккенің бар ма? Егер кезіксең онда менің осы сөзіме сөз жоқ сенер едің.

Мен үндемедім. Үндемегенім — көз алдымнан со сәтте мына бір көрініс елес беріп өткен еді.

...Біздің үйдің балконының жоғары жақтауында қос қарлығаштың ұясы бар. Оны осында көшіп келген күні-ақ байқағанбыз. Алғашында, олармен тіл табыса алмай жүрдік. Неге дейсіз ғой?

Егер жұмыстан қол бос уақытта сыртқа беттеп калсаңыз, құйтақандай ақтөс құс жоғарыдан пыр етіп ұшып шығады да, ауладағы алма ағашының басына қонақтайды. Содан ұясына қайтпай, тарыдай көздер мөлдіреген күйі отырады да қояды. Мұндай сәтте әлгі